

**«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатына өзгерістер мен толықтырулар**

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 11.05.2023ж. № 6 шешімімен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

5-тармақтағы:

4) тармақша мынадай редакцияда баяндалсын:

«4) мүдделер қақтығысы – мемлекеттік функцияларды орындауға өкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, бұл ретте аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына апарып соқтыруы мүмкін;»;

5) тармақша мынадай редакцияда баяндалсын:

«5) сыбайлас жемқорлық – адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға өкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және оларға байланысты мүмкіндіктерді жеке өзі немесе делдалдар арқылы өзі не үшінші тұлғалар үшін мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе шығару мақсатында заңсыз пайдалануы, сонымен қатар осы адамдарды игіліктер мен артықшылықтар беру арқылы парамен сатып алу;»;

9-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда баяндалсын:

«7) тиісті сақтық – Қор еңбек қатынастарын бастау туралы шешім қабылдағанға дейін Уәкілетті тұлға лауазымына кандидаттардың сенімділігін, сыбайлас жемқорлықтан бас тартуын және мүдделер қақтығысының болмауын тексеруді жүзеге асырады;»;

10-тармақтағы:

5), 11) және 12) тармақшалар алынып тасталсын;

14) тармақша мынадай редакцияда баяндалсын:

«14) егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, Уәкілетті адамның жеке өзі немесе делдал арқылы заңсыз материалдық сыйақы, сыйлықтар, жеңілдіктер не егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) Уәкілетті адамның қызметтік өкілеттігіне кіретін болса, оларды ұсынған адамдардың пайдасына жасаған әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін қызметтер алуы.»;

мынадай мазмұндағы 10-1-тармақпен толықтырылсын:

«10-1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Уәкілетті адам болып табылмайтын Қор қызметкерінің оның міндеттерінің аясына кіретін жұмысты орындағаны немесе қызметті көрсеткені үшін материалдық сыйақы, жеңілдіктер немесе мүліктік сипаттағы қызметтерді заңсыз алуына тыйым салынады және алғаны үшін жауапкершілік көзделген.»;

13-тармақ мынадай редакцияда баяндалсын:

«13. Қызметкерлер:

1) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасаудан және (немесе) жасауға қатысудан аулақ болуға;

2) айналасындағылар сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын жасауға немесе жасауға қатысуға дайын деп түсінуі мүмкін мінез-құлықтан аулақ болуға міндетті.»;

18-ші және 19-тармақтар мынадай редакцияда баяндалсын:

«18. Лауазымды адамдарға, Уәкілетті адамдарға және қызметкерлерге жеке өзі немесе делдалдар арқылы өздерінің лауазымдық өкілеттіктері мен мүмкіндіктерін пайдалануға байланысты заңсыз мүліктік/мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтарды қабылдауға не өз

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатына өзгерістер мен толықтырулар	2-бет 5-тен
---	---	----------------

өкілеттіктерін мүлктік/мүлктік емес пайда, ақша, қызметтер түрінде және заңды және жеке тұлғалардан немесе олардың өкілдерінен басқа нысандарда кез келген сыйақы алу үшін басқаша пайдалануға тыйым салынады.

19. Лауазымды адамдарға, Уәкілетті адамдарға және қызметкерлерге сыйлықтар беруге және қызметтік емес қызметтер көрсетуге, сондай-ақ жоғары тұрған адамдарға, мемлекеттік функцияларды орындауға өкілеттік берілген адамдарға, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдарға аталған адамдардың лауазымдық өкілеттіктерін пайдалану арқылы мүлктік/мүлктік емес пайда, игілік не артықшылық алу үшін кез келген басқа мүлктік/мүлктік емес игіліктер мен артықшылықтар беруге тыйым салынады.»;

22-тармақтағы:

2) тармақша мынадай редакцияда баяндалсын:

«2) сыбайлас жемқорлық қылмысын жасағаны туралы мәліметтің болмауы туралы анықтама ұсынған жағдайда, Уәкілетті адам лауазымына кандидаттар болып табылатын адамдарды жұмысқа қабылдайды;»;

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

«2-1) Уәкілетті адамның лауазымына кандидаттар болып табылатын адамдарды, олар және олардың жұбайлары лауазымға тағайындау құқығы бар лауазымды адамның (органның) лауазымға тағайындау туралы актісі шығарылғанға дейін (декларация табыс етілген айдың бірінші күніндегі жағдай бойынша) активтер мен міндеттемелер туралы декларация берген жағдайда, жұмысқа қабылдайды;»;

25-тармақ мынадай редакцияда баяндалсын:

«25. Уәкілетті адамдар өздерінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде Қордың мүдделерін басшылыққа алуға және олардың жеке мүдделері Қордың мүдделеріне қайшы келетін жәйттерден немесе жағдайлардан аулақ болуға міндетті.»;

26 тармақтың бірінші сөйлемі мынадай редакцияда баяндалсын:

«Мүдделер қақтығысы туындаған (немесе оның туындауы мүмкін болған) жағдайда, Уәкілетті адамдар мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының қолданыстағы және әлеуетті мүдделер дауын басқару саясатына сәйкес тәртіппен және мерзімде жария етуге міндетті.»;

27-тармақ мынадай редакцияда баяндалсын:

«27. Уәкілетті адам немесе онымен үлестес тұлғалар тарап болып, Қордың атынан мәмілелер жасау кезінде Басқарма мүшелерін қоспағанда, Уәкілетті адамдарда мүдделер қақтығысы болған жағдайда, мұндай мәмілелерді Қордың Басқармасы бекітеді.

Уәкілетті адам немесе онымен үлестес тұлғалар тарап болып, Қордың атынан мәмілелер жасау кезінде Басқарма мүшесі болып табылатын Уәкілетті адамдарда мүдделер қақтығысы болған жағдайда, мұндай мәмілелерді Қордың Директорлар кеңесі бекітеді. Қордың уәкілетті адамы, егер мәміле Саясаттың осы тармағында көзделген тәртіппен бекітілмеген болса, мүдделер қақтығысы болған кезде жасалған осындай мәміленің нәтижесінде Қорға келтірілген залалды өтеу бойынша жауапты болады.

Қордың уәкілетті адамы шығынды өтеуге қосымша осындай мәміле жасау нәтижесінде осы адам алған барлық кірісті Қорға қайтаруы тиіс.

Егер шығын бірнеше Уәкілетті адам әрекетінен туындаса, олар Қор алдында ортақ жауапты болуы тиіс.»;

28-тармақтағы «Лауазымды адамдардың» сөздері алынып тасталсын;

29-тармақ мынадай редакцияда баяндалсын:

«29. Мүдделер қақтығысы жағдайларына немесе мүдделер қақтығысына әкелуі мүмкін жағдайларға төмендегі жағдайлар жатады, бірақ олармен шектелмейді:

1) Уәкілетті адам немесе оның туысы Қормен жасалатын мәміленің тарабы болып табылатын жағдай;

2) Уәкілетті адам немесе оның туысы Қормен жасалатын мәміленің тарабы болып табылатын ұйымның үлестес тұлғасы болған жағдай;

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатына өзгерістер мен толықтырулар	3-бет 5-тен
---	---	----------------

3) Уәкілетті адамның Қормен байланысты мәмілелерге, жобаларға кез келген коммерциялық немесе басқаша мүдделілігі;

4) Уәкілетті адам немесе оның туысы үшінші Уәкілетті адам өзінің кәсіби міндеттерін атқарғаны үшін ақша, басқаша нысандағы игіліктер немесе Қордағы өзінің кәсіби міндеттерін атқаруға байланысты басқа қызметтер түрінде сыйақы алатын жағдай;

5) Уәкілетті адам немесе оның туысы Уәкілетті адамның өзінің кәсіби міндеттерін орындауға байланысты жұмыс бойынша қарамағындағы адамдардан сыйлықтар немесе қызметтер қабылдайтын жағдай;

6) Уәкілетті адам немесе оның туысы жеткізушілерден/элеуетті жеткізушілерден басқа адамдар үшін жалпы тәртіппен қолжетімді емес жеке жеңілдіктер немесе басқа да айрықша артықшылықтар алатын жағдай;

7) Қордың ішкі нормативтік құжаттарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Уәкілетті адам Қордың мүлкін жеке мақсатта пайдаланатын жағдай;

8) Уәкілетті адам кәсіби міндеттерін атқаруға байланысты өзіне белгілі болған конфиденциалды ақпаратты немесе ашылуы Қордың мүддесіне теріс әсер етуі мүмкін ақпаратты жария ететін, сондай-ақ Уәкілетті адам немесе оның туысы жеке пайда алу үшін Қормен байланысты кез келген конфиденциалды ақпаратты пайдаланатын жағдай;

9) Уәкілетті адам оның жұмысын бағалау, қайта тағайындау (қайта сайлау), сыйақы төлеу мәселелері немесе өзіне қатысты басқа мәселелер бойынша талқылауға немесе шешім қабылдауға қатысатын жағдай;

10) Уәкілетті адам оған қатысты шешім қабылдайтын адаммен үлестес болған жағдай. Мұндай үлестестік қаржылық, отбасылық (оның ішінде отбасылық-тұрмыстық; ортақ баласы (балалары) бар тұлғалар), жақын туыстық қатынастардың болуын білдіреді;

11) лауазымға тағайындау/жұмысқа қабылдау нәтижесінде туыстарының тікелей бағыныштылығы туындайтын жағдай.»;

30-тармақ мынадай редакцияда баяндалсын:

«30. Мынадай жағдайларда мүдделер қақтығысы емес:

1) қызметкердің функционалдық міндеттері аясында және оны орындау үшін Қор мен оның қызметкері арасында еңбек және басқа шарттар жасау;

2) Уәкілетті адамның немесе оның туысының заңды тұлғадағы қатысу үлесі шешімдерді тікелей және (немесе) жанама айқындауға және (немесе) заңды тұлға қабылдайтын шешімдерге ықпал етуге мүмкіндік бермейтін кезде Қор мен заңды тұлға арасында мәміле жасау;

3) Уәкілетті адам мемлекеттік органның/мемлекеттік ұйымның өкілі ретінде заңды тұлғаның басқару органдарының құрамында лауазым атқаратын кезде Қор мен заңды тұлға арасында мәміле жасау;

4) Қор мен жеке/заңды тұлғалар арасында Қордың Жарғысына сай қызметтің негізгі түрлерін жүзеге асыру аясында жасалатын шарттар жасау;

5) Жалғыз акционердің Қор акцияларын сатып алуы, сондай-ақ Қордың өзінің орналастырылған акцияларын сатып алуы бойынша мәміле;

6) Қор мен жеке/заңды тұлғалар арасында Қазақстан Республикасының заңнамасында үлгілік нысаны белгіленген шарттар жасау;

7) конфиденциалды ақпаратты немесе заңмен қорғалатын құпияны қамтитын мәліметтерді жария етпеу туралы міндеттемелерді қабылдау бойынша мәміле;

8) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі, оның ведомстволары, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің құрылымына кіретін ұйымдар және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалар және олармен үлестес заңды тұлғалар жүзеге асыратын сатып алу туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын сәйкес жасалатын ішкі кооперация бойынша Қор мәмілесі.»;

7-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда баяндалсын:

Handwritten signature and initials

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатына өзгерістер мен толықтырулар	4-бет 5-тен
---	---	----------------

«7-тарау. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін басқару әдістері. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіру және бағалау»;

31-тармақ мынадай редакцияда баяндалсын:

«31. Қор сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіру, өлшеу, бағалау, бақылау және мониторинг жүргізу бойынша әдістерді тұрақты пайдаланады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасында және Қордың ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген талаптарға сәйкес оларды барынша азайту шараларын әзірлейді.»;

44-тармақ мынадай редакцияда баяндалсын:

«44. Егер Қорда сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы дайындалып жатқаны, жасалатыны немесе жасалғаны туралы кез келген форматта тіркелген деректер болса, бұл туралы Қормен байланыс арналарының кез келгені және (немесе) СҚКБ-ға және (немесе) жоғары тұрған басшыға және (немесе) Қор басшылығына және (немесе) уәкілетті мемлекеттік органдарға дереу хабарлау қажет.»;

45-тармақ алынып тасталсын;

47-тармақ мынадай редакцияда баяндалсын:

«47. Қордағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туралы хабарламалар бойынша ақылға қонымды негізделген күдік немесе сыбайлас жемқорлық қызметіне қатысудың анықталған дерегі болған кезде қызметтік тергеу жүргізу тәртібін реттейтін Қордың ішкі нормативтік құжатына сәйкес «БЖЗҚ» АҚ-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесін ұйымдастыру қағидасында көзделген жағдайларда қызметтік тергеу жүргізіледі.».

Басқарма Төрағасы

Ж. Курманов

Handwritten signature and date: Ж. Курманов 11.11.2016

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатына өзгерістер мен толықтырулар	5-бет 5-тен
---	---	----------------

**«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатына өзгерістер мен толықтыруларды
келісу парағы**

Лауазым атауы	Аты-жөні	Қолы	Ескерту
Ішкі аудит департаменті директорының орынбасары	О. Сұлтанқұл		
Заң департаментінің директоры	Н. Бактыбаев		
Қызметкерлерді басқару департаментінің директоры	Г. Джилкибаева		
Тәуекел-менеджмент департаментінің директоры	Э. Талаева		

Осы арқылы қағаздағы туынды құжаттың электрондық нұсқада келісілген құжатқа сәйкес екенін растаймыз.

Әзірлеуші:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
комплаенс басқармасының бастығы



А. Жукенова

Handwritten signature in blue ink

Прошнуровано на 5 (пяти) листах
Начальник Управления антикоррупционного
компленса



Жукендова А.С.